- Іріктеу үш аптада өтті. Қырық шақты қыз кастингқа келіп, арасынан тоғыз қыз финалға жолдама алды. Ал оныншы қыз ғаламтор арқылы дауыс жинап өтті. Жалпы, «мисс» деген ол нағыз арулардың сайысы ғой. Сондықтан, бәрінің де «ақылына көркі сай» болуы керек. Бірақ, қыз балаға таза ақылды болып көріну жараспайды, аса сұлулыққа берілген де жараспайды. Екі нәрсе сай болғаны дұрыс. Егер сұлу болсаң, ақылдың көп болуын талап етеді.

Иә, бұл сайыста ешкім де марапатсыз қалмады. Арулардың барлығы да әртүрлі номинацияларға ие болды. Сонымен, лайықты жеңістер:

Екінші орын иегері, «Вице-Мисс» - Молдашева Әсел және көптен күткен бірінші орын, ерекше тәждің иегері, «Мисс ҚМУ-2016» - Кастеева Диана болды. Жеңімпаздарды құттықтаймыз және жеңісті күндеріңіз көп болсын дейміз.




cmyk

Мөлтек сыр

# Анам ертең келеді

**Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ, ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті.**



Бірде «Арқалық-Қостанай» бағытындағы пойызда келе жатқанымда, маған қарама-қарсы орында бір ақ құба келген сұлу келіншек отырды. Адам баласын сыртқы келбетіне қарап қандай екенін аңғаруға болады. Ол кісіге қарап отырып өмірден еш қиындық көрмеген, ешқандай қайғы-мұңы жоқ адам деп өзім ішімнен болжам жасадым. Бірақ әңгімелесе келе бейтаныс жанның жанарынан мұң байқадым. Сол кезден бастап, пенденің сыртқы келбетіне қарап оның қандай екенін білу қателік екенін ұқтым.

Бір мезетте қасымызға бір кішкене ер бала келді де, бізге тілі былдырлап бірдеңелерді айтып отырды. Қасымдағы әлгі апай сөмкесінен бір уыс кәмпит алып балаға берді. Тәттіден қандай бала бас тартсын. Әлгі кішкентай бала кәмпиттерді алды да, үсті басын былғап жеп алды. Біраз уақыт өткенде баланың анасы келіп, жататын уақыт болғанын айтып өзінің орындарына кетті. Ана мен бала арасындағы махаббатты көрген кезде қасымдағы апай көзіне жас алды. Сол сәтте бейтаныс апайды сөзге тарттым.

«Үлкен қала. Қала ортасында ешкім келе бермейтін ақ үй бар-тын. Сол үйдің ішінде бір қараңғы бөлме бар. Қараңғылығы соншалық, терезеден түскен күн шуағы еміс-еміс көрініп тұратын. Ол бөлме маған қатты ұнайтын. Себебі, сол бөлмені көргенде, өзімнің бейнем елестейтін. Қараңғы бөлме – мен, ал терезеден түскен әлсіз сәуле – жүрегімдегі анам ертең келеді деген үміт еді.

Тәрбиешілердің айтуынша анам мені балалар үйіне құндақта жатқан кезімде әкеліп тастаған. Анам неге бұлай жасады? Не үшін? Менің оған осыншалықты керек емес болғанымба? Әлде мен оған тумай жатып кесірімді тигіздім бе? Санамды мыңдаған тіпті оданда көп сұрақтар үнемі мазалайтын. Бірақ, ешқашан бұл сұрақтарға жауап алған емеспін. Егер, анам келетін болса санамды жаулаған сұрақтарға жауап алар едім деп күнде ойлайтынмын. Бірақ осы жерден алып кететін болса еш сұрақ қоймай оны кешіремін деп тағы да қиялдайтынмын.

Мен үздік оқушылар қатарында болдым. Сабақтан бос кезімде тігін тігумен айналыстым. Ех, шіркін анам менің тігін тіккенімді көрсе ғой деп үнемі армандайтынмын. Амал қанша? Бірақ кім біледі? Ертең анам келіп мені алып кететін шығар. Сонда мен анама арнап арнайы көйлек тігіп беремін деп тағы ойлап қоямын. Тәрбиеші апайлар мені қатты жақсы көретін. Мен де ол кісілерді жақсы көремін. Бірақ сонда да анамның махаббаты жетіспейтін.

Анам ертең келеді деген үмітпен күн кештім. Мектеп бітірдім, өзім армандаған оқу орнына түстім. Әне-міне дегенше дипломымды алып, дизайнер атандым. Жұмыс істедім, өзімнің жеке салонымды аштым. Көп ұзамай тұрмыс құрдым. Қазіргі уақытта екі баланың анасы болдым. Бақыттымын десемде болады. Алла Тағалаға шексіз ризамын.

Бірақ ертең анам келеді деген жүрегімдегі үміт оты ешқашан сөнбейді...», деп әңгімесін аяқтады. Сол сәтте бір үнсіздік орнады. Осындай адамның көзіне еріксіз жас әкелетін әңгімеден кейін не айту керек екенін білмей мен отырдым. Өзі танымайтын бейтаныс адамға, ешкімге айта бермеген сырын айтып ол кісі де не дерін білмей көз жасын сүртіп, шығып кетті.

Бұндай оқиғадан кейін не айтуға болады..? Меніңше әлгі кішкентай бала біздің жанымызға келмегенде мен қасымдағы келіншектің өміріндегі болған оқиғасын білмес едім. Мынадай мақала дүниеге келмес еді. Бұл кездейсоқтық емес болар, бәлкім.

Оймақтай ой

# Журналист болу оңай ма?

**Ботагөз ТАЛҒАТҚЫЗЫ, ГӘФ журналистика мамандығының 4-курс студенті.**

**Уақыт лезде өте шығады екен. Оқушы кезімізде қалай студент атанғанымызды аңғармай қалсақ, бүгін оқу ордамызбен қоштасар сәтке жақындап қалғанымызды байқамай да қалдық. Құрылғанына 75 жыл толған оқу ордам мен үшін екінші үйімдей. Болашағыма бағдар беруші. Білікті де тәжірибесі мол ұлағатты ұстаздардың берген тәлім-тәрбиесі, білімі, жақсы журналист болып тәрбиеленуімізге көп мүмкіндіктер беруде. Әсіресе, университетімнің «Білім жарысы» газеті мен республикаға және көршілес Ресейге тарайтын «Жас өркен-Қостанай» журналы біз үшін үлкен тәжірибе мекені әрі мақтанышымыз болды.**

Оқытушылардың қолдауымен 1-курстан-ақ мақала жазуды үйрене бастадық. А.Байтұрсынов «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», - демекші, журналистерді де дәл халықтың көзі, құлағы һәм тілі деуге болады. Сондықтан, газет-журнал бетіне мақала жазу біз үшін үлкен жауапкершілік болды. Жазып болған шығармамызды газет бетіне жарияламас бұрын редакциялаудан өткізетінбіз. Болашақ журналист үшін бұл аса маңызды деп ойлаймын. Себебі, мақаланды талдап, ұстазыңның ескертулерін түзегенде ғана толыққанды мақала шығатын.

Мақтанышпен айта алатын тағы бір жетістігіміз университетіміздің студиясы. Радиодан бағдарлама шығару үшін, болмаса жаңалық немесе авторлық бағдарлама дайындағымыз келсе Медиа-студияға барамыз. Журналист мамандығында оқып жатқан студенттер үшін мұндай мүмкіндік өте қымбат. Біздің бағымызға орай жасақталған студия университетімізде бар. Теорияны практикамен ұштастырамын десеңіз Медиа-студияның есігі айқара ашық. Біз 1 курстан-ақ өндірістік практиканы бастап та кеттік. Оқу ордамыз ұсынған жолдама арқылы мамандығымызға байланысты кез-келген қалаға, ондағы телеарна немесе газет-журнал редакциясына, радиоға барып тәжірибеден өттік.

Міне, осымен төртінші жыл өндірістік практиканы ойдағыдай аяқтадым. Әсіресе, осы жолғы практикалық тәжірибе мен үшін ерекше болды. Көп әсер қалдырды. Қазақстан Ұлттық арнасының білікті журналистерінің ортасында жүріп біраз тәжірибе жинақтадым. Ұлттық арнаның барлық бағдарламасы 100 пайыз қазақша, тіпті барлық қызметшілер де қазақ тілінде сөйлейтіні қатты қуантты. Практика уақытында менің жетекшім әрі журналист ретінде үлгі тұтар тұлғам – Дана Нұржігіттің журналистік шеберлігі тәнті етті. Бойында нағыз журналиске тән барлық қасиет бар десем артық айтпағаным. Дана ханым біздерге, болашақ журналистерге: «Ең алдымен көрермен мен оқырманды ойландыра алатындай бол. Теория жүзінде меңгерем, журфакта оқимын десеңдер, ол – құптарлық іс. Бірақ, кейде кейіпкермен бетпе-бет келген кезде оқулықтан оқымаған, оқытушының ескертпеген дүниелері де алдыңнан шығуы мүмкін. Сені мамандықтың өзі шыңдайды. Әр кейіпкерің сені өсуге, дамуға жетелейді. Қай ортаға түскеніңе де көп нәрсе байланысты. Сенің әр жетістігіңе де қуана білетін әріптестерің, басшыларың болса, ешқашан жерде қалмайсың» деген сөздерін әрдайым жадымда сақтаймын. Тәжірибелік практикада жүріп, журналистиканың оңай сала емес екендігіне көзім жетті. Сөйлеген сөзі мен ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын журналист аға-апаларымыздан үйренгенім, түйгенім мол.

Оқу ордама осындай мүмкіндіктер бергені үшін алғысым шексіз. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті – жастық шағымыздың мәңгілік мекені, білімге сусындаған бақытты кезеңіміздің куәсі. Болашағыма үлкен үміт ұялатқан, жақсы маман болуымыз үшін аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарыма дән ризамын. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін!», - деген Мағжан Жұмабаевтың сөзін желге ұшырмай, сенімін ақтап, А.Байтұрсынов атындағы оқу ордамыздың атына шаң жуытпай, алған біліміміз болашақта алға тартатынына сенімдімін.

Дала қоңырауы

# Ұлы даланың ұлағатты ұстазы

**Арайлым ҚАБИМОЛДАҚЫЗЫ, ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті.**

**Оқу ордамызда Ы.Алтынсариннің 175 жылдығына арналған «Ұлы даланың ұлағатты ұстазы» атты дөңгелек үстел өтті. Жиынға оқу және тәрбие жұмыстарының проректоры Алмасбек Әбсадық пен ақын, жазушы Ақылбек Шаямет және Серікбай Оспанов қатысты.**

Дөңгелек үстелдің қонақтары Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп интернатының «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі Нұрманов Ағыбай және Ы.Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайының қызметкері Шектібаева Назгүл болды. Бас қосу барысында, ең алдымен Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық жолы жайындағы бейнематериал көрсетілді.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды.

Әкесінен ерте айырылған ол атасының – белгілі би Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді. Білген үстіне біле түссем деген құмарлықпен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қолжеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынды.

Ыбырай "Қазақ хрестоматиясына" кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның "Кел, балалар, оқылық!", "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңдері осындай мақсатта туған. "Кел, балалар, оқылық!" өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырады:

*Оқысаңдар, балалар,*
*Шамнан шырақ жағылар.*
*Тілегенің алдыңнан*
*Іздемей-ақ табылар.*
*Бір Құдайға сыйынып,*
*Кел, балалар, оқылық!*
*Оқығанды көңілге*
*Ықыласпен тоқылық!*

Өлеңнің әр шумағында оқудың әржақты пайдасын айта отырып, ақын соңғы жолдарды ылғи қайталап отырады. Бұл жайында толық мәліметті университеттің оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Алмасбек Әбсадық слайд арқылы баяндап, студенттер қауымына түсіндіріп берді.



Ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, еріңбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Мұның барлығы да дүйім жұртқа аян. Дөңгелек үстелде Ы.Алтынсарин жайлы өзге де деректер мен тың жаңалықтар айтылды. Сонымен қатар, филология мамандығының студенттері ақынның өлеңдерін оқып, жиналған қауымды бір серпіліп тастады. Ыбырай таусылмайтын әңгіме, мол мұра, асыл қазынамыз. Оны әспеттеп ұлықтау біздің парызымыз. Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Оның бірі Ыбырай Алтынсарин екені сөзсіз. Ол елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббатын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық жүрегінен мәңгі орын алған тұлға.

cmyk

Жас толқын

Жарайсың!

# Жастар ұйымы құрылды

**Бөлтірік НҰРТАЙ, ГӘФ журналистика мамандығының 3-курс студенті.**



**Университет жастарының бастауымен оку ордамызда жаңа жоба, жаңа ұйым өз жұмысын бастап кетті.**

Ахмет Байтұрсынов атындағы білім беру ордасы үшін мұндай бастама керек-ақ. Жаңа жоба бастаған жігіттердің атқарып жатқан жұмыстары, мақсат-міндеттері мен ұстанымдары туралы білу үшін ұйымның белсенді мүшесі Мырзабек Бекбердімен сұхбат жасап көрдік.

**- Оқырмандарға ұйым жайлы шағын ақпарат бере кетсеңіз.**

- "Даму" жастар ұйымы А.Байтұрсынов атындағы ветеринария және мал шаруашылығы факультетінде құрылды. Нақты уақытын айтсақ, 22 ақпаннан бастап өз жұмысын бастады. «Даму» - студенттерді жан-жақты дамытып, оларға отансүйгіштік пен әділдікті, ұйымшылдық пен имандылықты дәріптейтін ұйым.

**- Бастама басшысы кім, ұйым құрамы қандай?**

- «Даму» ұйымы бес бағыт бойынша жұмыс істейді. Әр бағыттың өз жетекшісі бар. Мысалға, бірінші бағытымыз – спорт. Оған Қамбар Нұрғали мен Мырзабек Бекберді жауапты, Екінші бағыт – өнер. Оған Хайрулла Абылай жауапты. Үшіншісі - кездесу. Оған Кенже Бақытжан мен Құтымұрат Дінмұқамет жауап береді. Төртінші бағыт – ішкі-сыртқы даму. Серікбай Айханым мен Нұртазина Салиянің бағыты. Ал соңғы, бесінші бағыт – қайырымдылық жасау. Бұл бағыт бойынша Төлеген Ермек пен Серікбай Бекзат жұмыс істейді.

**- Бұл ұйым қандай мақсатпен құрылды?**

- Дарынды және бастамашыл жастарды дамыту мақсатымен құрылған. Осы мақсаттарға жету үшін келесі талаптар қойылды:

1. Жастардың санасында патриоттық сезімді, жауапкершілік пен толеранттықты тәрбиелеу;

2. Болашақта өмірлік жағдайда қажет болатын дағды мен ұстанымды дамыту;

3. Студенттер мен басқа да жастар қоғамдық ұйымдары арасындағы қарым-қатынасты дамыту;

4. Студенттер үшін қоғамда беделді азаматтармен жүздесу-сұхбаттасу өткізу;

5. Студенттердің университет қабырғасындағы іс-шараларға белсене қатысуына атсалысу;

6. Студенттердің бойындағы мейірімділік пен қайырымдылық қасиеттерін арттырып, қайырымдылық істерді жүзеге асыру;

7. Студенттердің бастамалары мен идеялары жанжақты қолдау.

**- Жаңа жобаның қандай да бір нәтижесі бар ма?**

- Ең алғашқы іс-шарамыз Рудный қаласындағы қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі №2 Рудный интернат үйіне қайырымдылық жасаумен басталды. Сонан соң өзіміздің факультеттің атынан 8-наурызға арналған мерекелік іс-шараға белсенді қатыстық. Онда «Дамудың» атынан әншілер, жайдарманшылар өнер көрсетті. №1 жатақханаға барып, университеттің басшыларының көмегімен, «Дамудың» ұйымдастыруымен қыздарға мерекелік іс-шара өткіздік. Жоспарларымыз да көп. Студенттерді өнерге тарту, оларды мерекелік іс-шараларға қатыстыру.

**- Университет тарапынан қолдау бар ма?**

- Әрине, оқу орнының басшылары әрқашан қолдау білдіріп отырады. Мысалға, Рудный қаласына барып келуге автокөлік берген болатын.

Мұндай ұйымдардың жастарға берері мол. Оларды өнерге тарту және имандылыққа баулу, кез келген бағыттарда студенттерді дамытуға көп септігі тиеді. Студенттер осы бағыттарда жетістіктерге жетіп жатса сол біздің жеңісіміз деп есептеймін.

Серпін–2050

# Оқытушыларға алғыс айтамын

**Перизат ОҢАЙБЕК, ГӘФ журналистика мамандығының 1-курс студенті.**

**«Серпін-2050» әлеуметтік жобасы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында айқындалған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың қатарына кіреді.**



Аталған жоба бойынша А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне оңтүстіктің тумалары келіп, білім алып жатыр. Осы бағдарламаның грантын иеленген студенттермен сұхбаттасып, ой бөліскен болатынбыз.

**1. Неліктен басқа қаланы емес, Қостанай қаласын таңдадыңыздар?**

*Гүлнұр Мықтыбек, Ветфак 1-курс студенті:*

- Менің ата-анам мен әпкем Қостанай қаласына оқуға түсуімді қалады. Қостанайдың табиғаты өзіме де ұнайды. Сондықтан Тобыл өңірінде оқуға келдім.

*Дастан Бейсенбай, Ветфак 1-курс студенті:* Оқу орнын таңдар алдында Қостанайда болған адамдардан мәлімет алдым. Көпшілік шағын қаланы таза, тұрғындары мәдениетті деп мақтай жөнелді. Жақсы пікір айтылған соң батыл қадам жасадым. Қазіргі уақытта өзімнің таңдауыма өкінбеймін. Қостанайдың керемет қала екеніне көзім жетті.

*Еркемай Мұталиева, ақпараттық технологиялар факультетінің 1-курс студенті:* Қостанай маған әсем табиғатымен, жайдарлы адамдарымен, тазалығымен ұнады. Міне, оқып жатқанымызға 7 ай болды. Осы қаланың уақытша болса да тұрғыны болғанымa қуанамын.

**2. Оқу жылының алғашқы айларында орыс тілі сабағы көптеген студенттерге қиындау болды. Ал сіздерге қалай әсер етті?**

*Гүлнұр Мықтыбек, Ветфак 1-курс студенті:*

- Әрине, алғашқы айларда орыс тілінен қатты қиналдық. Қала тұрғындарының көпшілігі орыс тілінде сөйлейді, сондықтан үйренуге тура келді.

*Дастан Бейсенбай, Ветфак 1-курс студенті:*

- Оңтүстік Қазақстан облысы халқының дені қазақтар болғандықтан, орыс тілі көп қолданылмайды. Ал мұнда қаланың 80% тұрғыны орысша сөйлейді десем қателеспеймін. Бұл, әрине, бізге әсерін тигізді. Мен де орыс тілінен алғашында қиналдым.



*Еркемай Мұталиева, ақпараттық технологиялар факультетінің 1-курс студенті:*

- Алғашқы күннен бұл пәннің қиыншылығын сезіндім, дегенмен, уақыт өте келе талпынысым мен оқытушым Сарманова Фарида Тоғызбайқызының арқасында қиындықты жеңдім.



**3. Қазір орыс тілінде еркін сөйлей аласыздар ма? Жеті ай ішінде не үйрендіңіздер?**

*Гүлнұр Мықтыбек, Ветфак 1-курс студенті:*

- Еркін сөйлеймін деп айта алмаймын. Ең бастысы үйреніп жатырмын. Оқытушым Баяхметова Айсұлу Ахметбекқызының арқасында оқуыма үлгеріп жүрмін. Сондықтан ол кісіге айтар алғысым шексіз.

*Дастан Бейсенбай, Ветфак 1-курс студенті:*

- Бұрынғыға қарағанда жақсы. Жеті ай аз уақыт емес. Сондықтан осы айлар ішінде акоп нәрсені үйрендім деуге болады.

*Еркемай Мұталиева, ақпараттық технологиялар факультетінің 1-курс студенті:* Еркін сөйлей аламын деп айта алмаймын. Барынша дұрыс сөйлеуге тырысамын. Алғашында қиын болып көрінген тапсырмалар мен ережелер қазір біршама жеңілдеді. Осының бәрі оқытушым Фарида Тоғызбайқызының еңбегі. Сондықтан ол кісіге айтар алғысым шексіз.

Интервью

# Братья-близнецы

Аружан МЕЩАНОВА,
студентка 2 курса ГСФ
специальность
«журналистика»



**Такое явление как близнецы в нашем обществе не ново и давно не вызывает удивлений. Близнецы рождаются довольно часто и составляют среди нас значительное число.**

Теоритические подсчеты показывают, что в настоящее время в мире должно проживать около 100 миллионов близнецов. Мы решили узнать о некоторых подробностях жизни близнецов Данияра и Бахтияра Толеш. Они учатся на 1-м курсе факультета информационных технологий. И почти с самого появления в его стенах заявили о себе с позиции активных студентов. На наши вопросы ответил старший из близнецов Данияр Толеш.

**- Скажи, Данияр, есть ли какие-либо преимущества в наличии брата-близнеца?**

- Я думаю, что преимущества несомненно есть. Я очень рад, что у меня есть брат- близнец. В детстве мне очень не нравилось, что мы с братом похожи, так как я всегда хотел быть отдельной личностью. Я смотрел на брата и видел, что мы с ним одинаковые во всем, в то время как другие были не похожи ни на кого. Но сейчас всё наоборот, у меня есть брат и я бесконечно рад, что мы как одно целое. Нам намного легче и быстрее подружиться с людьми, чем другим. Ведь близнецам люди уделяют намного больше внимания.

**- Как выбирали профессию? Сразу ли пришли к единогласному мнению или были расхождения в выборе?**

- Профессию мы выбрали вместе. Нас давно привлекали технологии. Мы как и раньше смотрим и узнаем, что нового происходит в сфере инноваций. Многие считают, что мы должны были идти по разным специальностям. Лично я так не считаю, нам нравится наша профессия одинаково. Поэтому разногласий у нас никогда не было.

**- Как часто вы ссоритесь и ссоритесь ли вообще?**

- Ссоримся мы довольно часто и причин бывает много. Они могут быть как пустяковые, так и серьёзные, но несмотря на это мы очень дружные. В детстве мы могли ссориться между собой, но если кого-то из нас обижали, то мы всегда заступались друг за друга. В случае ссоры каждый из нас внутри знает и понимает, что это все ненадолго.

**- Бытует мнение, что существует некая эмоциональная связь между близнецами, правда ли это?**

- Эмоциональная связь между нами присутствует. Но это не значит, что мы можем читать мысли друг друга и т.д. Мы 19 лет жили в одном доме, в одной комнате, учились в одной школе, в одном классе. Мы сидели за одной партой. Почти все друзья у нас общие. Мы почти всегда и везде вместе, поэтому мы хорошо понимаем друг друга. Как-то нам сказали: "Назовите на счёт 3 какую- нибудь букву, и мы оба назвали букву "М". Такие случаи происходят нечасто, но они бывают.

**- Если да, то на какой самый длительный срок расставались и испытываете ли вы дискомфорт, находясь поодиночке?**

- Расставались мы несколько раз. Самый длительный срок был тогда, когда я уехал в Балдаурен (Республиканский Учебно-Оздоровительный Центр) на 20 дней. Мне было некомфортно одному в чужом месте. Было непривычно всё делать одному, так как привык, что я всегда с братом, но мне тогда было 15 лет и я так сильно не переживал.

**- Какая реакция у окружающих? Всегда ли типичная?**

- Там, где мы родились, нас знали и вопросов как правило не возникало. Однако после переезда в Костанай нам довелось столкнуться с неоднозначной реакцией людей, не знавших нас ранее. Но сейчас мы стали привыкать, и это не вызывает у нас дискомфорта.

**- Расскажи о нестандартных ситуациях в жизни.**

- Грех было не пользоваться тем, что мы близнецы, поэтому мы очень часто разыгрывали людей. Так как по внешности нас могут различить, мы чаще разыгрывали по телефону. У нас практически одинаковые голоса, поэтому трубку может взять любой из нас и свободно разговаривать за нас обоих. У нас очень много смешных моментов, но про них можно рассказывать очень долго.

Путешествия

# Семестр в Португалии

Динара АБДИРОВА,
студентка 2 курса ГСФ
специальность
«журналистика»

**Португалия. Коимбра. Студент КГУ. Вы возможно подумаете, что же связывает эти три разные на первый взгляд слова. Итак, студент 4-ого курса специальности "Электроэнергетика" инженерно-технического факультета Санжар Такенов по академической мобильности проучился семестр в университете Coimbra в Португалии.**

Вероятно, каждый студент хоть раз задумывался о том, как учатся в других странах, какие существуют отличия в образовательном процессе и в студенческой жизни. Но немногим удаётся поступить в зарубежные учебные заведения или проучиться семестр. Санжар стал одним из тех, кто вытянул счастливый билет, причём два раза, побывав студентом университета США и Португалии.

Санжару предоставили возможность самому выбрать страну и университет. Отправив транскрипт и анкету в десятки вузов, ему недолго пришлось ждать ответа, и в скором времени он собирал чемодан и необходимые документы в Португалию, город Коимбра.

– Коимбрский университет – старейшее учебное заведение Португалии и один из старейших в Европе, которому более 700 лет. Образование имеет ряд отличий, применяются различные методы обучения, но как и в нашей стране, действует кредитная система, правда, у них она совершенно другая. Каждый студент выбирает цикл предметов, а пары идут в среднем по два часа, перерыв составляет пять минут.

Казахстанский студент быстро адаптировался, так как не первый раз был заграницей. По программе "Global Ugrad" он обучался первый семестр третьего курса в университете США, штат Теннеси.

– Я оказался один, если в США были и другие студенты из Казахстана и стран СНГ, то в Коимбре не было никого, кроме студентов из Испании, Бразилии.



Неожиданностью для Санжара было не только отсутствие студентов, близких по геграфическому положению, но и то, что не все в городе владели английским, поэтому приходилось изъясняться жестами. Несмотря на языковой барьер жители и студенты оказывали помощь Санжару в любой ситуации. Народ Коимбри для студента оказался гостеприимным и толерантным.

– Еще одно отличие в системе образования состоит в том, что перед началом занятия преподаватель спрашивает у студентов, на каком языке проводить урок. Если среди учащихся имеются интернациональные студенты, то занятия ведутся на английском языке. Понятно, что португальскому студенту легче воспринимать информацию на родном языке, но благодаря мне вся аудитория училась на английском. Я имел приоритет, такие были у меня возможности.

Санжар планирует поступать в магистратуру зарубежного университета, а по приезду внести свой вклад в развитие отечественной инженерии.

– Обязательно вернусь на Родину, ведь благодаря нашей стране мне выпала возможность узнать культуру и образование двух стран – США и Португалии. В республике, даже в городе создаты все условия для реализации каждого студента, конечно, для этого нужно проходить кое-какие этапы, но без этого невозможно. Всё зависит от самого человека, требуется колоссальный труд и терпение для достижения заданной цели.

Мнения

# Хотят ли студенты учиться?

Татьяна НАЗАРУК,
студентка 2 курса ГСФ
специальность
«журналистика»

В чем сила, брат? Конечно же, в ньютонах! А я могу поспорить и сказать, что сила все-таки в знаниях. Самосовершенствование и познание окружающего мира – это чудеснейший подарок человеку. Но сегодня очень сложно сосредоточиться на учебе и заниматься штудированием интереснейших многотомников. С появлением гаджетов и вездесущего интернета студенты отдают предпочтение развлечениям, часто забывая о том, что есть куча полезных сайтов и приложений для учебы. Но все ли так печально на самом деле? Хотят ли студенты впитывать знания или им вовсе это неинтересно?

**Студентка ГСФ:**

– Я очень люблю учиться и познавать что-то новое. Человек всегда должен стремиться к развитию самого себя, и если этого не происходит, то начинается обратный процесс. Недаром говорят: «Век живи – век учись». Я всем советую найти для себя что-то интересное и наслаждаться познанием нового.

**Студентка ЭФ:**

– Я учиться хочу, но мой университет не создает для этого условий: занятия проходят скучно и неинтересно, преподаватели не стремятся нас чему-либо научить, не проводят мероприятия для вовлечения студентов в учебный процесс. Иногда смотришь на все происходящее и думаешь: «Если преподаватели не любят этот предмет, то зачем мне его учить?»

**Студентка ФВиТЖ:**

– На этот вопрос я бы ответила так: конечно же, к учебе есть тяга. Ведь я поступала в университет именно для того, чтобы получить знания, уложить их в голове и в дальнейшем их применять. Стремлюсь учиться на 5 не для высоких баллов и повышенной стипендии, а для того чтобы максимально усвоить материал, который нам дают преподаватели. Иногда появляется лень, но я научилась с ней бороться. Всегда вспоминаю, для чего мне нужно учиться: чтобы в дальнейшем построить карьеру и быть независимой. Учусь именно для себя. В конце хочу добавить, что знания – это действительно сила.

**Студентка ФИиП:**

– Конечно, в глобальном смысле я хочу учиться, но меня часто одолевает лень. Я люблю учиться, узнавать что-то новое, но только если мне это интересно. А в университете в основном преподают скучно. Вот и вся причина.

**Студент ГСФ:**

– Учиться мне нравится. Но я не люблю, когда обучение путают с воспитанием. Наши преподаватели этим грешат.

Свою точку зрения на этот счет высказали и два именитых профессора нашего университета.

**Ольга Григорьевна Кунгурова, кандидат филологических наук, доцент ВАК, профессор КГУ:**

– Хочу сказать, что большинство моих студентов учиться хочет, ведь у нас преподают такие интересные дисциплины, например, риторику. Некоторые студенты подходят ко мне и спрашивают о проблемах произведений-утопий, хотя мы это вообще не изучаем. Это говорит о том, что тяга к знаниям определенно есть. Конечно, есть и те, кто учится для мамы, диплома, престижа, но их, к счастью, не большинство.

**Юрий Яковлевич Бондаренко, доцент кафедры философии, кандидат философских наук:**

– Надеюсь, что все-таки большая часть хочет учиться. А насчет тех, кто учиться не хочет, хочу сказать, что на это есть две основные причины. Первая – система образования и ее бальная система оценивания. Сегодня студент, к сожалению, учится не ради знаний, а ради баллов. И это прискорбно. По этой же причине ребята не любят посещать лекции, ведь на них невозможно получить оценку. Вторая причина – пресыщенность информацией. Раньше мы не могли найти нужные книги, нужные материалы, а сегодня, наоборот, этой информации очень много, и студенты буквально в ней утопают. Каждую секунду мы получаем новые данные с помощью гаджетов, на улице кричит реклама, дома работает телевизор... Мы пресытились информацией и пытаемся от нее спрятаться. Сегодня даже на философском факультете МГУ студент не в состоянии выслушать целую лекцию. Мы приучили себя питаться микродозами информации (короткие клипы и тексты), потому что нам так легче. Эта проблема стоит очень остро.

Выходит, что голоса распределились равномерно? Кто-то стремится извлечь пользу из каждого занятия, а кто-то в это время сладко спит. Главный вопрос в том, что нужно сделать, чтобы у студентов не было желания спать на парах, а наоборот, им хотелось бежать через весь город на лекцию? Это задача преподавателей. Я призываю сделать занятия интереснее. А студенты, в свою очередь, должны наконец понять, что выйти спустя 4 года из стен университета с пустой головой – стыдоба.

"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"
МЕНШІК ИЕСІ: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел. 511167

Шығарушы редактор А.Өстемірова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері

Беттеген Жадра Жұлмұхаметова
Бас маман Қымбат Досжанова

Отпечатано в ТОО "Костанай полиграфия". Ул.Мауленова 16 тел 8(7142)28-02-93
Заказ №927 Тираж 1200 экз.
Объем 2 печатных листа

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген